bilimger.kz
Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
*ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі:*
***KZ45VPY00102718***
2019

**БӨЛІМ: ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ**

# Ахмет Байтұрсынұлы «Егіннің бастары» мысалы. Әке өсиеті

| ЖАРИЯЛАНДЫ | СІЛТЕМЕ |
|---|---|
| 18.04.2019 | https://bilimger.kz/55646/ |

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

| | | |
|---|---|---|
| **Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы:** «Адамгершілік – асыл қасиет» | **Мектеп**: Белогор негізгі орта білім беретін мектебі | |
| **Күні:** 18.01.2018 ж. | **Мұғалімнің аты-жөні**: Ажгалиева К.А. | |
| **Сынып:** 5 | **Қатысқандар: 6** | **Қатыспағандар: 1** |

| | |
|---|---|
| **Сабақтың тақырыбы** | Ахмет Байтұрсынұлы «Егіннің бастары» мысалы. Әке өсиеті |
| **Осы сабақта қол жеткізетін оқу мақсаттары** | 5.1.3.1. Көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу |
| **Сабақтың мақсаттары** | **Барлық оқушылар орындай алады:** Шығармадағы кейіпкер портреті мен іс-әрекетін анықтайды |
| | **Оқушылардың көпшілігі орындай алады:** Әрекет пен портрет негізінде кейіпкердің образына талдау жасайды, кейіпкердің іс-әрекеттерін салыстыра сипаттайды. |
| | **Кейбір оқушылар орындай алады:** Шығарма кейіпкерлері мен шынайы өмірдегі адамдарды салыстырып, өзіндік баға бере алады, кейіпкер образына қатысты өз көзқарасын білдіреді. |
| **Жетістік критерийлері** | Шығармадағы кейіпкер портреті мен іс-әрекетін анықтайды. |
| **Тілдік мақсаттар** | **Пәнге тән лексика мен терминология**: Мысал, кейіпкер, портрет образ<br>**Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер:** Егіннің бастары, әке мен бала, бидай, адамгершілік қасиет. |
| **Құндылықтарды дарыту** | «Мәңгілік ел» құндылықтарына сәйкес азаматтық жауапкершілікті, ашықтық пен ынтымақтастықты қалыптастыру |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Пәнаралық байланыстар** | Орыс тілі – мысал орыс ақыны И.И.Хемницерден аударған.<br>Өнер — мысал бойынша көрініс қою, образдарға ену.<br>Бейнелеу өнері – сюжет  бойынша сурет салу.<br>Өзін-өзі тану – жақсы және жаман қасиеттерді ажырату, адамгершілік қасиеттерге баулу. | | |
| **АКТ қолдану дағдылары** | Оқушыларға презентация көрсету | | |
| **Бастапқы білім** | А.Байтұрсынов туралы мәлімет, мысал мазмұнын біледі. | | |
| | | | |

## Сабақ барысы

| Сабақтың жоспарланған кезеңдері | Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | **Шаттық шеңбері**<br>**«Менің қасиетім»**<br>(оқушылар өз бойындағы жақсы қасиеттеріен бөліседі)<br><br>**«Пазл» әдісі**<br>*(Оқушыларды топқа бөлу)*<br>**І топ** **ІІ топ**<br><br>**Үй тапсырмасын тексеру**<br>«Жадыны жаңғырту» әдісі<br>1.А.Байтұрсынов кім және оның қандай шығармаларын білесіз?<br>2. «Егіннің бастары» мысалы не туралы? | жіп<br><br>Қиылған суреттер |

<table>
<tr>
<td>Сабақтың ортасы</td>
<td>
1-тапсырма. Ж.ЖЖ.ТЖ<br>
«Ойлан-жұптас-бөліс» әдісі<br>
Мысал мазмұны бойынша жақсы қасиеттер мен жаман қасиеттерді жазыңыз.<br>
<br>
<u>Дескриптор:</u><br>
— жақсы және жаман қасиеттерді ажыратады;<br>
— жақсы және жаман қасиеттерді жазады;<br>
— жұппен, топпен талқылайды.<br>
ҚБ: қолпаштау сөздер арқылы<br>
<br>
2-тапсырма. ТЖ.<br>
А) Кейіпкердің сипаттауларын іздеп тауып, ең маңызды әрекеттерін анықтаңыз.<br>
<table>
<tr><td>Кейіпкер</td><td>Ең маңызды әрекеті</td></tr>
<tr><td>Әке</td><td></td></tr>
<tr><td>Дәнге толы егіннің басы</td><td></td></tr>
<tr><td>Дәнсіз егіннің басы</td><td></td></tr>
</table>
<br>
Ә) «Венн диаграммасы» әдісі<br>
Екі бидайды салыстырыңыз<br>
«Егіннің бастары»<br>
<br>
Дәнге толы бидай Дәнсіз бидай<br>
<br>
<u>Дескриптор:</u><br>
— кейіпкер іс-әрекетін анықтайды;<br>
— кейіпкерлерді салыстырады, ортақ қасиеттерін табады.<br>
— екі бидайдың ұқсастығы мен айырмашылығын ажыратады.<br>
— кестеге жазады;<br>
ҚБ: «Бағдаршам» әдісі<br>
<br>
3-тапсырма<br>
Мысалды рөлге бөліп оқу<br>
<br>
<u>Дескриптор:</u><br>
— мысал өлеңді мәнерлеп оқиды;<br>
— мысалды рөлге бөліп оқиды;<br>
— образға ене отырып рөлді сомдайды.<br>
ҚБ: «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі<br>
<br>
Қорытынды<br>
4- тапсырма.<br>
«Алты қалпақ» әдісі<br>
«Ақ қалпақ» — сабақ бойынша ұнамды сәттер.<br>
«Сары қалпақ» — сабақ тақырыбының өмірмен байланыстылығы, қажеттілігі.<br>
«Жасыл қалпақ» — тақырып бойынша нені өзгертер едіңіз, жаңалығыңыз.<br>
«Қызыл қалпақ» — тақырып бойынша ішкі сезім.<br>
«Қара қалпақ» — сабақ бойынша жағымсыз сәттер.<br>
«Көк қалпақ» — тпқырып бойынша қорытынды ой.<br>
<br>
<u>Дескриптор:</u><br>
— ақпаратты пайдаланады;<br>
— нақты дәлелдер келтіреді;<br>
— кейіпкер образына көзқарасын білдіреді;<br>
— қорытынды жасайды.
</td>
<td>
стикерлер<br>
<br>
Кесте сызылған, «Венн диаграммасы» сызылған плакат<br>
<br>
Қима қағаздар
</td>
</tr>
</table>

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған. 

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың соңы** | **«Бағалау терезесі»**<br><br>**Үйге тапсырма:**<br>1) «Егіннің бастары» мысалын жаттау<br>2) Мысал өлеңінің мазмұнына байланысты сурет салу. | стикерлер |
| **Саралау – оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?** | **Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?** | **Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы** |
| Тілдік қабілеті жоғары оқушылар тілдік қабілеті төмен оқушылармен араластырылып отырғызылады. Қабілеті жоғары оқушылар ой қорытынды жасайды, тапсырмалар бойынша 3-тен артық дәлелдер келтіре алады | Сабақтың әр кезеңінде оқушылардың материалды меңгеруі қандай деңгейде екенін анықтау үшін бағалау критерийіне сәйкес топтар өзара бір-бірін бағалайды, мұғалім оқушыларды өзі бағалайды, оқушылар өзін-өзі бағалайды. | Компьютерді, ноутбуктерді тек тапсырма кезінде аз уақыт жұмыс жасап өшіру, интерактивті тақтаны қажет емес уақытта сөндіріп қою. |
| Сабақ бойынша рефлексия<br>*Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары дұрыс қойылған ба?*<br>*Оқушылардың барлығы ОМ қол жеткізді ме? Жеткізбесе, неліктен?*<br>*Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме?*<br>*Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды ма?*<br>*Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неліктен?* | *Бұл бөлімді сабақ туралы өз пікіріңізді білдіру үшін пайдаланыңыз. Өз сабағыңыз туралы сол жақ бағанда берілген сұрақтарға жауап беріңіз.* | |
| | Оқу мақсаттары дұрыс құрылған. Барлық оқушылар бүгінгі сабақта белсене араласып өз мақсаттарына жетті. Сабақ уақыттар берілген минут кестелеріне байланысты нақты сақталды. Сабақ кезінде сабақ жоспарынан еш ауытқулар болмады. | |

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.